

Сайдахметова Л.

Қазақ мемлекеттік қыздар

педагогика институты, Алматы

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ТӘРБИЕЛЕУ БАРЫСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ПАТРИОТИЗМНІҢ БАСТАУЛАРЫ

В работе рассматривается проблемы патриотического воспитания учащихся школ Казахстана.

Қазақстан Республикасының “Білім туралы” Заңында “Білім беру жүйесінің міндеттері: ...азаматтық пен елжанды-лыққа өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге тәрбиелеу,” - десе, ал орта білімді дамыту тұжырымдамасында “Тәрбиелік жұмыс-тарды қазақстандық патриотизм, азаматтық, ізгілікті интернационализм негізінде құру” – керек екендігі көрсетілген.

Мектеп оқушыларын патриотизмге тәрбиелеу мәселелерін зерттеген ғалымдардың еңбектерінің қорытын-дылары мен тікелей мектеп практикасындағы мұғалімдердің іс-тәжірибелеріне сүйене отырып, біз мектептегі отаншылдыққа тәрбиелеу жұмыстары – оқушылардың нақты іс әрекеті, мінез-құлқын ұйымдастыру, оған бағыт беруді негізге алуы керек деп ұйғардық. Патриотизмге тәрбиелеу үрдісінің танымдық мәнін естен шығаруға болмайды, бірақ ол әрбір оқушыда патриоттық сана, патриоттық сезім қалыптастырудан бастау алғанда ғана тиімді болмақ.

Бесік жырынан басталатын ерлікке баулу дәстүрлері түркі халқына тән негізгі ырымдар болып табылады. Халқымыздың бойындағы патриоттық құндылықты ұрпақтан- ұрпаққа беріліп отырған заңдылық тұрғысынан да қарауға болады. Бұған дәлел көне түркі заманнан бастау алған патриоттық құндылық Күлтегін жазбаларында былай деп суреттеледі: “Елтеріс қағанның алғырлығы, еліне деген сүйіспеншілігі Күлтегіннің қанына ана сүтімен сіңді” дей келе қазақ халқының бойындағы ұлттық патриотизм сезімдері бүгін ғана пайда болған жоқ, ол ежелден-ақ туындап дамып келе жатқан қасиет деуге болатындығын көрсетті.

Туған жерге деген ыстық сезімнің, атамекенге деген құрмет пен қадір қасиеттің Ұлы дала ойшылдары Қорқыт ата, Асан қайғы, Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Мақмұт Қашқари тағы басқалардың шығармаларынан орын алғанын көреміз.

Ықылым заманнан бізге жеткен “Қорқыт ата” кітабында тәлімдік мәні күшті қанатты сөздер мен ұстаздық ұлағаттар көптеп кездеседі. Мысалы: “Қолына өткір қылыш алып, соны жұмсай білмеген қорқаққа қылыш сермеп күшінді сарп етпе. Батыр туған жігіттің садағының оғы да қылыштай кесіп түседі. Атаның атын былғаған ақылсыз баланың әке омыртқасынан жаралып, ана құрсағында шырланып тумағаны жақсы. Ата даңқын шығарып, өзінің тегін қуған балаға ешкім жетпейді. Өтірік өрге баспайды, өтірікші болғаннан жарық көріп, өмір сүрмеген көп артық”- деген екен. Бұл өсиет сөздерден ақыл-парасат, өтірік айтпау, атаның атын былғамау туралы ойлар мен шығарманың өн бойынан ұлы даланың байтақтығын, әдемілігін көреміз, бұл әр түріктің бойында осы далада туғаны үшін мақтаныш сезімін тудырса керек.

Сонымен бірге, Әл-Фарабидің Ота-нына деген сүйіспеншілігін, сағы-нышын мына бір өлең шумақтарынан байқаймыз:

Кеткенім жоқ, елім сенен,
Атақ, бақыт, тақ іздеп,
Шықтым жалғыз, жұртым шалғай,
Ғылым атты шам іздеп.
Айналайын, атам қыпшақ,
Туған жерді сағындым.
Өз атыңа, құрметіңе,
Қайда жүрсем табындым!

Қазақ даласында өсіп-өнген ақын жыраулар халыққа өнегелі сөздерімен ықпал етіп, оларды іргелі ел, берекелі жұрт болуға үндеген.

Өз халқына, ұлтына деген патриот-тық сезімді қазақ ағартушылары Шоқан Уалиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев шығармаларынан да көруге болады. Абай Құнанбаевтың еңбектерін зерделеп қарайтын болсақ, жастарды ерлік рухта, отаншылдық сезімге баулып, намысын, ар-ожданын, адамгершілік қасиеттерін тудыратын жыр жолдарын кезде-стіреміз. Оның “азаматтың бәрін сүй бауырым деп” – деген сөзі, барша жұртшылықты жауласу, күш көрсету дегенді білместен тек тату – тәтті өмір сүруге шақырады. Ең алғаш қазақ балалары үшін халық мұрасына салт-дәстүріне, ерлік, адамгершілік тәрбиесіне негіздей отырып, оқулық жазған Ы.Алтынсарин болды. Ол көшпенді елдің баласына ғылым, білім, өнер үйретуді армандады. Қарап отырсақ, қай кезде болмасын халық игілігі үшін еңбек еткен ағартушылардың ақын-жыраулардың барлығының мақсат мүддесі қазақ халқын тек бірлікке ынтымаққа шақыру, ешкіммен жауласпай, оқу білімге уағыздау, адамгершілікті, адал-шын-шыл болуға, өз Отанын сүюге, отаншылдық, отансүйгіштік қасиеттерді әр адамның бойына дарытуға ұмтылғанын байқаймыз. Бұл бүгінгі Қазақстанның, Ел басымыз Н.Ә.Назарбаевтың “Әр этностың ұлттық сезімін сыйлап, бірде-бір ұлтпен қарама-қайшылық туғызбау” – деген бағы-тымен үндесіп жатыр.

Патриоттық сезімнің объектісі мен қайнар көзі Отан болып, оның мазмұны туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі тамаша киелі орындар, жалпы ұлттық құндылықтармен толықты-рылады. Олардың адам көкірегіне жылылық, жақындық, туысқандық сезімдерді ұялатып, ізгі де, ерлік істердің қайнар көзіне айналуы - отаншылдыққа тәрбиелеудің арқауы.

Бала күнінен батырлар туралы ертегілер тыңдап, ерлікті мадақтайтын тақпақтар жаттап, эпостық шығармаларды етене қабылдамаған адамдардың бойында бес кісінің күші болса да патриот бола алмайды, “патриотизм – ақыл, ой, сананың салтанаты, табанды тәрбиенің жемісі. Отанын ақыл, ой, санамен шын беріле сүймеген адам патриот бола алмайды”, - дейді жазушы. Сонымен бірге ол, патриотизмге тәрбиелеудің тұғырна-масы идеология болуы қажет. Идеологиялық тәрбие ғана патриотизмді ұштап, қайрап, жетілдіріп отырады. Тәрбиенің күшімен шыңдал-ған патриотизм, қынаптан суырылған қылыштай жарқ етіп, Отанды басқыншы жаудан қорғау сағатында өз қуатын көрсетеді. Патриотизмге тәрбиелеуде әр ұлттың бойында ұлттық намысты оятып, оның бәрін қазақстандық патриотизм деген бір арнаға салу абзал, ұлттық намыс жеке ұлттың өзіндік моралдық кодексі ұлттық мінез, әдет-ғұрыптарға, ар ожданға негізделген бұл

кодекс жалпы азаматтық моральмен астасады, оған қайшы келмейді, қайта соның бөлінбес бұтағы ретінде өрістейді,— деп атап көрсетеді. Ә.Нұршайықовтың пікірлерін қуаттаумен бірге, қазақ халқында ар, намыс, ождан мәселесі ежелден-ақ отансүйгіштік, ұлт жандылық сезімдерімен астарласып жатады, осыған орай мақал-мәтелдер, қанатты сөздер толып жатыр, осының өзі өсіп келе жатқан жас буындарды патриотизмге тәрбиелеудің мектебі болғанын атап көрсетеміз.

Қоғамның өз азаматтарына қызмет етуі — адамның өзіне байланысты екені белгілі. Бұл қоғамның жай-күйі, оның әрбір азаматына байланысты деген сөз. Демек, қазақ республикасының егемендігі мен тәуелсіздігінің нығайып дамуының басты шарттарының бірі оның азаматтарының патриотизмі. Адамдар санасындағы бұрынғы кеңес одағы кезеңіндегі патриотизмнің мазмұны, жаңа қоғамдық жағдайда біртіндеп жаңғыру процесін бастан кешіруде, бірақ соны құндылықтар әлі қалыптасып бола қойған жоқ. Осыған орай Дәулетбек Раев “Қазақстандық патриотизм мен гуманизм” деген мақаласында бүгінгі күні адамдар арасында “патриоттық сезімнің орнына космополитизм”, “пендешілік үстем” екенін байқауға болатынын көрсеткен. Алайда, жеке адамның тағдыры, бүкіл адамзат кеңістігінің құрамында болғандықтан, ол қоғам тағдырымен тығыз байланыста екені белгілі. Сондықтан “бүгінгі әлеуметтік саяси орта адамға өзі өмір сүріп отырған мемлекеті мен қоғамы, ел, жұрты, атамекені және жалпы адамзат өркениетінің тағдыры алдындағы жауапкершілікті мойындауды ескер-теді”—дейді. Бұл ретте ол, көнені жоққа шығару, патриоттық тәрбиені әлсірету, көне ата-тектілік танымдық тәрбиелік өзектен адасып қалу секілді кемшіліктерді белгілейді. Ата-бабадан қалған отаншылдықтың киелі шарттарын жаңғыртуда “белгілі бір этно-мәдени” тәрбие жүйесін қалыптастыру керек екенін дәлелдеуге ұмтылған. Біздің пікіріміз бойынша, ол үшін, ең алдымен қазақ жұртының ішкі патриоттық “менін” құрайтын этно-әлеуметтік мінез-құлық қандай болған, ол қандай принциптерге негізделген-дігінің мәнін ашу қажет. Мұны, философ Д.Раев жастарды патриотизмге тәрбиелеудің нормасы “сегіз қырлы, бір сырлы” болу талабы қойылуы керек дей келе, оны атамекенді, ел намысын қорғау жаудан беті қайтпау, ата-тегін жадында сақтау, сөз асылын қадірлеу, тапқырлық пен алғырлық, ат құлағында ойнау, ата салтын бұзбау (жасы үлкенді, ата-ананы сыйлау, құдайы қонақтың меселін қайтармау, көрші хақын жемеу, қайырымды, ірі жүректі, бауырмал болу, т.б.),—деп көрсетеді. Сонымен бірге, Д.Раев ұлттық патриотизмнің негізгі құндылықтарына - “Отан”, “атамекен”, “ел жұрт”, “азаматтық борыш”, “ар-намыс”, “адалдық пен әділдік”, “азаматтық парыз”, “қанағат-шылдық пен жомарттықты” жатқызады. Сөйтіп ол, этно-мәдени жүйенің тағы бірі - “атамекенін, елін жұртын, отанын қадірлеп құрметтеуге тәрбиелеу,”— деп белгілейді. Демек, атамекен — дәстүрлі дала қоғамының қоныс тепкен кеңістігі, қазақ жұртының тіршілік кеңістігі, өмір сүру ортасы, жер, Отан, атамекен мен ел — егіз ұғым, Отан адамның бойында патриоттық сезімді туғызудың қажетті шарты деп ой қорытады. Философ, патриоттық сезімді күшейтуге негіз болатын “азаматтық борыш, азаматтық парыз” болып, бұның да келіп шығу тегі сүйіспеншілік, халқына, жеріне құрмет пен борыш. Борыштылық - әр адамның өзіне жүктелген істі орындауға жауапкершілігін түсініп мойындауы. Осыдан барып, ар-намыс келіп шығады. Ғалымның пікіріне қосыла отырып, біз борыш - ұғымының субъективтік сипаты қойылған талаптар мен жүктелген үмітті, қызметті, міндетті жете түсіну, оны атқаруға рухани әзірлігі мен мәдениетіне байланысты анықталып отырады. Біз бұдан, патриотизмге тәрбиелеудің мынадай этно-мәдени жүйесін көреміз: ар намыс, борыш, парыз, қанағатшыл, жомарт, әділдік, адалдық, ата тегін білу, қазақтың салт дәстүрін сыйлау, сөз асылын сыйлау, қайтпас қайсарлық, табандылық, бауырмалдық қазақ халқының бойына туа біткен ұлттық әлеуметтік — психологиялық ерекшелік болмысы және ол адамзаттың отансүйгіштік, отаншылдық ойлау жүйесінің негізі болмақ.

Қ.Меңдібаев патриоттық сана дегеніміз - Отан ұғымын құндылық тұрғысында сезіну және санаға сіңген бұрынғы ұрпақтардың озық дәстүрлеріне ұмтылу болып табылады, — дей келе,

ұлттық патриотизм дегеніміз - әдетте адамдардың белгілі бір ұлтқа тән екендігімен, өз тілімен, мәдениетімен, сол аймаққа тән дәстүрлерімен тығыз байланысты, сондықтан “жалпы ұлттық патриотизм” дегенді қолданып оның темірқазығы “Қазақстанды барлық ұлттардың өз отаны сезінуі,”- деп белгілейді. Ол, бұл жерде патриоттық тәрбиенің негізгі мақсаты адамдардың санасында патриоттық іс-әрекетке құштарлығын ояту, адамгершілік мінез-құлық қасиеттерін сіңіру екенін көрсете келіп, патриоттық іс-әрекет дегеніміз – жеке адамның, әлеуметтік, ұлттық топтың Отан мүддесі үшін саналы түрде өз еркімен қызмет етуі екенін дәріптеуге ұмтылған. Ғалымның осы пікірлері біздің мектеп оқушыларын патриотизмге тәрбиелеудің педагогикалық негізгі бағыттары – патриоттық сана қалыптастыру, патриоттық сезімдерін ояту, патриоттық іс-әрекет мінез құлқын ұйымдастыру болуы керек деген ой тұжырымдамамыздың дұрыс екеніне сендіріп отыр. Ендігі міндет мектеп оқушыларын патриотизмге тәрбиелеудің бағыттарын педагогикалық жақтан негіздеу және оны жұмыс практикасына ендіру жолдарын қарастыру. Патриоттық тәрбие жұмыстары барысында Отанға сүйіспеншілік, жалпы елдің экономикалық, ғылыми, моральдық-саяси, әскери қуатын арттыруға үлес қосуға дайын болу, Отанды идеологиялық, мәдени экспансиядан қорғау, қажет болса қарумен қорғауға әзірлік сезімі қалыптасады; оқушылар ар, намыс, ождан, қайырым, мейірім сезімдерімен қатар Отанын мақтаныш тұту, оның жетістіктеріне сүйсіну, қиындықтарына күйіну, әрқашан елін, жерін қорғауға дайын болу басқаша айтқанда іс-әрекетімен ұштастыруға бейімделеді. Бұлар, соғыссыз, бейбітшілік замандағы патриотизм қандай болуы керек – деген мәселенің шешімін сәулелендіреді. Бейбітшілік замандағы патриотизм біздің жағдайы-мызда береке-бірлік, экономикалық өрлеуге үлес қосу, қазақтар үшін ұлттық мүддені қорғау, оның сақталып қалуын басты мұрат ету деп білеміз.

Философ Ә.Қалмырзаев патриотизм туа бітпейтін, гена арқылы мұраға берілмейтін бірақ, адамның өз ақылы өзіне жетіп, өз бетімен тіршілік ете бастағанда біртіндеп қалыптасатын күдіретті сезім, - дей келе “патриотизм - өз Отанына деген сүйіспеншілік, өз халқына берілгендік, өз отанының мүддесі үшін кез келген құрбандық пен ерлік жасауға дайын тұрушылық”- деп көрсетеді. Патриоттық сезімнің қайнар көзі Отан, объектісі де Отан. Өз мазмұны бар, бұл сезімнің туындап қалыптасуының өз шарттары бар,- дей келе ол, қазақстандық патриотизм, тек қазақтардың ғана өз отанына сүйіспеншілігі емес. Онда мекендеген бүкіл ұлт пен ұлыс өкілдерінің бәріне қатысты дүние, психологиялық - әлеуметтік құбылыс екенін дәріптейді. Ғалым, отансүйгіштіктің өлшемі - әр адамның өз Отанының қорғанысын, экономикасын, мәдениетін, ғылымын, рухани қабілетін арттыруға қосқан үлесі,- дейді. Ғалымның бұл пікірлері біздің патриотизм, тек қару алып жауға қарсы шығу ғана емес, күнделікті өмір салтында “Отаным”, “халқым”, “елім”, “ұлтым”- дегенді ұмытпау. Өз мүддесін көздеп не істеседе өзінің қазақ ұлтының өкілі, соның құрамдас бір бөлшегі екенін естен шығармау – деген ой-пікірімізді нығайта түсті. Отанын қайда жүрсе де мақтан тұтса, оған жүрек қалауымен қызмет етсе, “патриоттық сезім - ұлт рухының деңгейінің айнасы, өлшемі; қару-жарағы күшті болғанымен, ұлттың рухы төмен болса, әскердің қай түрі болса да әлсіздік көрсетеді”- дейді. Бұдан, патриоттық сана мен сезімнің мазмұны “Отан”- деген ұлы ұғым болып, оның қалыптасуының басты шарттары отанға деген сүйіспеншілік сезім ояту; отанын көркейтуге пәрменді үлес қосу және отансүйгіштікке өзін-өзі тәрбиелеуге бейімдеу екендігі айқындала түседі.

Қазақстандық патриотизмге келсек, ол тек қазақтардың ғана өз Отанына сүйіспеншілігі емес, онда мекендеген бүкіл ұлт пен ұлыс өкілдерінің бәріне қатысты дүние.

Бірақ ешкімді елін, Отанын зорлықпен, күштеп не үгіттеп, жел сөзбен алдап-арбап сүйгізе алмайсың. Елін сүю әркімнің жеке ісі, өз арының ісі. Қасиетті сезім ананың сүтімен бірге өзі келмейді, ол адам өсе, есейе келе өз ақылы өзіне жетіп, өз басымен тіршілік ете бастағанда адамзаттың бойында біртіндеп қалыптасатын күдіретті сезім, “бұл, сезім әркімде әр кезеңде (яғни, әртүрлі жаста) оянып, кейін кәмілетке келгенде біржола буыны қатып, тәжірибе мен жаспен, уақытпен, біліммен, қоршаған ортаның ықпалы-мен, мемлекеттік және қоғамдық социологиялық институттардың (бала-бақаша, отбасы, мектеп, жоғары оқу орындары, бұқаралық ақпарат құрал-дары, қоғамдық ұйымдар, әртүрлі саяси ұйымдар мен қозғалыстар) әсерімен қалыптасады”- деп көрсетеді Ә.

Қалмырзаев. Ол, кезінде “нағыз патриот” деп атауға болатын қазақ елінде азаматтар көп-ақ. Қайсыбірін айтуға болады, арырактан бастасак, Алаштың азаматтарын неге айтпасқа? “Оян, қазақ” деп жар салған Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаевты, Бауыржан Момышұлын, 86-шы жылы азаматтығын айқын көрсеткен Жұбан Молдағалиевты, қазақ қыздарының патриотизмін дәлелдеген Әлия, Мәншүктерді атаған. Әрине, қазақтың патриот ұлдары мен қыздары баршылық. Ендігі мәселе осы тарихи тұлғалардың өмірі, ерлік істері арқылы жас буындардың патриоттық сана-сезімін, іс-әрекетін тәрбиелеп, дамытудың бүгінгі күн талаптарына сай бағыты, мазмұны мен әдіс-тәсілдерін нақтылау.

Қазақстандық патриотизм – Қазақ-стан тарихына, мәдениетіне, өнеріне, тарихи ескерткіштері мен жалпы рухани құндылықтарына құрмет және мақта-ныш сезімі жағдайында дұрыс қалыптасады. Қазақстан азаматы өзін Республиканың рухани дүниесінің құрамдас бір бөлшегі ретінде сезінгенде, оның Отанға деген сүйіспеншілігі, туған елге құрметі, өскен ортасын сыйлауы, туған топырағын қадірлеуі нығая түседі. Бұл өте терең рухани құбылыс. Қазақ-станның ғасырлар бойы жинақталған, рухани қазынасы кенес дәуірінде тұншықтырылып келген. Шәкәрім, Ахмет, Мағжан, Міржақып, Жүсіпбек іспеттес алыптардың шығармашылық мұрасын игеру, қазақ халқының ауыз әдебиеті, аңыз-термелері, жыраулық дәстүрлері, әсіресе, батырлық эпосын білу, ұғыну, жүрекпен сезіну қазақстандықтарды Отанын сүюге жетелейтіні, үйрететіні анық. Қазақ-станның патриоттары тек қазақтар ғана болады, алда да солай бола бермек десек, сыңар жақты түсінікте болғанымыз.

Патриоттық сезім тұлғаның текті-лігімен туындайтын, тәрбие арқылы өсіп жетіліп патриоттық сана түрінде қалыптасатындығы, ұлттық патриотизм жеке адамның белгілі бір ұлтқа тән екендігін түсініп, сезіну, өз ұлтының қасиеттерін бойына сіңіруі және оны қастерлеп қадір тұтып, қорғап, сақтауға дайын болуы. Ұлттық патриотизмді ұлт және патриотизм туралы екі ұғымның жадағай қосындысы деп қарауға болмайды. Ғалымдардың, - ұлттық патриотизм - қанмен тектілікпен туа біткен қасиеттердің тәрбие арқылы бекіп, нығайуы, елін, жерін шексіз сүйіп, соған қызмет ету; ұлттың барлық қасиеттерін ардақтау деген пікірлеріне сүйенер болсақ, онда: ұлттық патриотизм дегеніміз қанмен, текпен туа бітетін, тәлім-тәрбие арқылы өсіп жетілетін ұлттық сипаттағы саналы іс-әрекет пен мінез құлық. Ал, қазақстандық патриотизм дегеніміз – қазақ мемлекетін отаным деп сезіну, басқа ұлттардың қазақ халқына сый-құрметпен қарауы, әр ұлттың құқықтық еркіндігін қуаттай отырып, туған жерін көркейтуге және оны қорғауға дайын болуы.

Мемлекетіміздегі қазіргі әлеуметтік, саяси-экономикалық жағдайларды, халықтың сана-сезімінің қалыптасу үрдісін (процесін) ескере отырып, біз қазақстандық патриотизмнің қалыптасуына, мемлекетке атын беріп отырған қазақ халқының бойындағы ұлттық патриоттық қасиеттердің ықпалы мығым деген пікірдеміз.

Жалпы патриоттық сезімнің қай-қайсысының болсын қалыптасуы отбасы тәрбиесінен (бала-бақшадан) бастау алатыны белгілі. Сондықтан, отбасында патриотизмге тәрбиелеу ана тілін үйрету, ұлттық мінез-құлық қалыптастыру, ұлттық салт-дәстүрді сақтау, шыққан ата тегін білу және сезінуден басталып, халқына сүйіс-пеншілік, тарихи дәстүрлерді сақтау, одан соң туған жеріне, отанына деген сүйіспеншілік болып, өсе келе мектепте ары-қарай дамып қалыптасуына шарт түзілуі тиіс.

Кейінгі кездердегі ғалымдардың пікірлерінде ұлттық және қазақстандық патриотизм жалпы мемлекеттік идеологияға айналып, өсіп келе жатқан жас буындардың бойында осы қасиеттердің дамып, жетіліп қалыптасуы мемлекеттің құзырындағы басты мәселеге айналуы тиіс деген ойлар жиі кездеседі, біздің ойымызда осы бағытты ұстануда.

